16.06.2021-ғы № 04-08/1981 шығыс хаты

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРЖЫ МИНИСТІРЛІГІ ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА ПО СЕВЕРО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

Петропавл к., Қазақстан Конституциясы қ., 72
тел/факс:(7152) 33-23-31
e-mail: fink.petr@minfin.gov.kz

г.Петропавловск, ул.Конституции Казахстана ,72
тел/факс:(7152) 33-23-31
e-mail: fink.petr@minfin.gov.kz

«___»_____ №___.____

«Ер-Қанат Сервис» құрылыс компаниясы»
Қызылорда қаласы, СМАҒҰЛ САДАҚБАЕВ 17

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті *(бұдан әрі-Департамент)* Сіздің 01.06.2021 ж. № 106558 өтінішіңізге, Департамент «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мемлекеттік сатып алу басқармасы» КММ *(бұдан әрі - Ұйымдастырушы)* өткізген № 5649120-1 ашық конкурс тәсілімен, № 43457470-ОК1 лот бойынша «Солтүстік Қазақстан облысы, Мамлют ауданы, Мамлютка қ., Скачков к-сі, 66 «В» мекенжайы бойынша дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы» мемлекеттік сатып алуға камералдық бақылау жүргізгендігін хабарлайды.

Камералдық бақылау нәтижелері бойынша Сіздің өтінішіңізде көрсетілген дәлелдер расталмағаны анықталды.

Сіздің Конкурстық өтініміңізге жұмыс тәжірибесі үшін шартты жеңілдікті қате есептеу мәселесі бойынша конкурстық құжаттамаға 5-қосымшаның 2-тармағына сәйкес ***«****Егер конкурстың нысанасы жаңа объектілерді салу, сондай-ақ бұрыннан бар объектілерді кеңейту, техникалық қайта жарақтандыру, жаңғырту, реконструкциялау, реставрациялау және күрделі жөндеу болып табылған жағдайда, «Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі Заңының 20-бабына сәйкес сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша орындалған жұмыстарды қабылдап алу және объектілерді пайдалануға қабылдап алу актілерінің электрондық көшірмелері жұмыс тәжірибесін растайтын құжат болып табылады (бұдан әрі – орындалған жұмыстарды қабылдау және объектілерді пайдалануға қабылдау актілерінің электрондық көшірмелері)* хабарлаймыз.

16.06.2021 ЭҚАБЖ МО (7.18.4 нұсқасы)

№ 648 Қағидалардың 153-тармағына сәйкес *«конкурстық комиссия конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттаманы қалыптастыру кезінде конкурсқа қатысуға бір өтінім ұсынылған жағдайларды қоспағанда, конкурсқа қатысуға өтінім берген әрбір әлеуетті өнім берушіге қатысты осы Қағидалардың 152-1-тармағына сәйкес конкурстық құжаттамада көзделген өлшемшарттарға сәйкес шартты жеңілдіктерді айқындайды»*.

№ 648 қағидаларының 155-тармағына және Конкурстық құжаттаманың 44-тармағына сәйкес *«егер әлеуетті өнім берушінің бас мердігер ретінде жұмыс тәжірибесі болған жағдайда, конкурстық комиссия әлеуетті өнім берушінің сатып алынатын жұмыстар нарығында, оның ішінде конкурстың нысанасы болып табылатын осындай (ұқсас) жұмыс түрлері бойынша жұмыс тәжірибесінің әрбір жылы үшін бір пайыз (1%) мөлшерінде шартты жеңілдік береді.*

Егер әлеуетті өнім берушінің қосалқы мердігер ретінде жұмыс тәжірибесі болған жағдайда, конкурстық комиссия сатып алынатын жұмыстар нарығында оның жұмыс тәжірибесі бар әрбір жыл үшін нөл бүтін оннан бес (0,5 %) пайыз мөлшерінде, оның ішінде конкурстың нысанасы болып табылатын осындай (ұқсас) жұмыс түрлері бойынша шартты жеңілдік береді.

Егер бір жыл ішінде әлеуетті өнім беруші конкурста сатып алынатын, оның ішінде біреуден артық құрылыс объектісінде осындай (ұқсас) жұмыс түрлері бойынша жұмыстарды орындаған жағдайда, конкурстық комиссия келесі әрбір құрылыс объектісі үшін нөл бүтін оннан екі (0,2 %) пайыз мөлшерінде шартты жеңілдік береді. Егер осы жұмыстарды әлеуетті өнім беруші қосалқы мердігер ретінде орындаса, Конкурстық комиссия келесі әрбір құрылыс объектісі үшін нөл бүтін оннан бір (0,1 %) пайыз мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Егер конкурс (лот) тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруға бөлінген сома тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің екі жүз мың еселенген мөлшерінен аспаса, осы өлшемшарттың конкурсқа қатысуға өтінімнің шартты бағасына жиынтық пайыздық <u>әсері бес пайыздан аспайды</u>".

Сонымен қатар, №648 қағидаларының 156-тармағына сәйкес *«егер әлеуетті өнім берушінің төленген салықтар көрсеткіші үш пайыздан артық болған жағдайда, Веб-портал автоматты түрде әрбір оннан бір (0,1) пайыздан бір оннан (0,1) пайызға, бірақ үш пайыздан аспайтын мөлшерде шартты жеңілдік береді»*.

Конкурстық құжаттамаға 5-қосымшаның 6-тармағына сәйкес *«егер конкурстың нысанасы күрделі жөндеу болып табылған жағдайда, онда жаңа объектілерді салу, кеңейту, жаңғырту, техникалық қайта жарақтандыру, қолданыстағы объектілерді реконструкциялау және күрделі жөндеу жұмысының тәжірибесі ескеріледі»*.

Конкурстық құжаттамаға 5-қосымшаның 9-тармағына сәйкес *«әлеуетті өнім берушінің құрылыс (құрылыс-монтаждау жұмыстары және жобалау) саласындағы жұмыс тәжірибесін есептеу кезінде жиынтығында мыналар ескеріледі:*

1) ғимараттар мен үймереттердің жауапкершілік деңгейі (біріншісі – жоғары, екіншісі – қалыпты, үшіншісі – төмен).

16.06.2021 ЭҚАБЖ МО (7.18.4 нұсқасы)

2) объектілердің техникалық күрделілігі (техникалық жағынан күрделі объектілерге жататын ғимараттар мен үймереттер және техникалық жағынан күрделі объектілерге жатпайтын ғимараттар мен үймереттер).

3) функционалдық мақсаты (өнеркәсіптік объектілер, өндірістік ғимараттар, үймереттер, тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы объектілер, өзге де үймереттер);

4) бұрын орындалған жұмыстардың ұқсастығы немесе осындайлығы, ***тұрғын үй – азаматтық мақсаттағы объектілердегі жұмыстарды қоспағанда,*** *«Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 16 мамырдағы Заңының (бұдан әрі – «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Заң) бірінші санаттағы рұқсаттар (лицензиялар) тізбесінің 5 және 6-бөлімдерінде көзделген, лицензияланатын қызмет түрінің конкурс нысанасымен бір кіші түрінде болған жағдайда ескеріледі.*

Бұдан басқа, конкурстық құжаттамаға 5-қосымшаның *(біліктілік туралы мәліметтер)* 5-тармағына сәйкес әлеуетті өнім беруші *Функционалдық мақсаты* бағанын *(өнеркәсіптік объектілер, өндірістік ғимараттар, үймереттер, тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы объектілер, өзге де үймереттер),* сондай-ақ *объектілердің техникалық күрделілігі* бағанын *(техникалық күрделі объектілерге жататын ғимараттар мен үймереттер және техникалық күрделі объектілерге жатпайтын ғимараттар мен үймереттер) және ғимараттар мен үймереттердің жауапкершілік деңгейін (бірінші-жоғары, екінші-қалыпты, үшінші-төмен)* толтырады.

Сонымен қатар, ғимараттар мен үймереттерді 2015 жылғы 28 ақпандағы № 165 техникалық және (немесе) технологиялық жағынан күрделі объектілерге жатқызудың жалпы тәртібін айқындау қағидаларына сәйкес Ұйымдастырушы 1-2-қосымшаға құрылыс саласындағы (құрылыс (құрылыс-монтаждау жұмыстары және жобалау жөніндегі жұмыстар) жұмыстарды мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде әлеуетті өнім берушіге қойылатын біліктілік талаптары): *құрылыс түрі – жаңа құрылыс; ғимараттар мен үймереттердің жауапкершілік деңгейі- екінші - қалыпты; объектінің техникалық күрделілігі - техникалық жағынан күрделі объектілерге жататын ғимараттар мен үймереттер; объектінің функционалдық мақсаты - тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы объектілер* белгіленді.

Сонымен қатар, Қағидалардың 457-тармағы 1-тармақшасына сәйкес *«Электрондық депозитарийде қамтылған әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесін растайтын мәліметтер мен құжаттар: электрондық депозитарийде толтырылған мәліметтер жұмыс тәжірибесін растайтын ұсынылған құжаттарға сәйкес келмегені белгіленген жағдайларда* қолданылмайды *(веб-порталда бұғатталады);*

Электрондық депозитарийдегі әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесін растайтын мәліметтер мен құжаттардың анықтығын тапсырыс беруші, ұйымдастырушы, бірыңғай ұйымдастырушы, уәкілетті орган не мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары белгілей алады».

Осылайша, 26.05.2021 ж. № 5318709 қорытындылар туралы хаттамаға сәйкес Сіздің Конкурстық өтініміңізге біліктілік туралы мәліметтерде мәлімделген жұмыс

16.06.2021 ЭҚАБЖ МО (7.18.4 нұсқасы)

тәжірибесі мен ұсынылған растайтын құжаттарға сәйкес негізді түрде ***2,6% - 3 жыл*** мөлшерінде жұмыс тәжірибесі үшін шартты жеңілдік қолданылды.

Камералдық бақылау ҚР Қаржы министрінің 30.11.2015 ж. №598 бұйрығымен бекітілген камералдық бақылау жүргізу қағидаларының 21-тармағына сәйкес жүргізілгенін атап өткен жөн.

«Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» ҚР 12.01.2007 ж. № 221 Заңының 12-бабы, 14-бабының 6-тармағына сәйкес, Сіздің өтініш бойынша қабылданған шешімге бағыныстылық тәртібімен жоғары тұрған лауазымды тұлғаға немесе субъектіге, сондай-ақ қабылданған шешім туралы белгілі болған сәттен бастап үш айдан кешіктірмей сотқа шағым жасауға құқығыңыз бар.

Басшы орынбасары **З.Қапарова**

16.06.2021 ЭҚАЬЖ МО (7.18.4 нұсқасы)

Орынд.: Еремеев А.В.
Тел.: 8(7152)33-28-75